

Қаралды:

ҚР МАМ Мәдениет комитетінің
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ

хаттама № «15» 04 2025 ж.

Бекітемін:

ҚР МАМ Мәдениет комитетінің
«Күләш Байсейітова» атындағы
дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ директоры



№ 22. 15.04.2025 ж.

**ҚР МАМ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ
«К.БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН РММОМИ»
РММ МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ИНТЕРНАТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Мектеп) мектеп жанындағы интернатының қызметі туралы осы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 19 шілдедегі № 289, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрықтарына және Мектеп Жарғысына сәйкес әзірленді.
2. Осы Ереже Интернат тәрбиеленушілерінің контингентінің құрамына қойылатын талаптарды белгілейді, оқушылардың оқу-тәрбие және басқа да қызметін ұйымдастыруды регламенттейді, Интернаттың қызметтері мен бөлімдерінің өзара қатынасын реттейді.
3. Интернаттың қызметіне жалпы басшылықты Мектеп директоры жүзеге асырады, тікелей басшылықты директордың бұйрығымен лауазымына тағайындалған Интернат меңгерушісі жүргізеді.
4. Интернат – Мектептің құрылымдық бөлімі, құрылым бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасарына бағынады.
5. Интернаттың тиісті үй-жайлары бар: қыздар мен ұлдардың жатын бөлмелеріне арналған жеке бөлмелер, өз бетінше дайындалуға арналған бөлме, демалу бөлмесі (аралас қолданылуы ықтимал), асхана.
6. Интернатта балалардың жатып оқуына ата-аналардан немесе оқушылардың заңды өкілдерінен заңнамамен белгіленген тәртіпте төлем алынады.
7. Осы Ереже Интернаттың ішкі нормативтік актісі болып табылады, оның талаптарын орындау мектеп жанындағы интернатта тұратын барлық тұлғалар және қызметкерлер үшін міндетті.

2. ИНТЕРНАТ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Интернат өз қызметін Қазақстанның қашық өңірлерінен келген музыкаға дарынды оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу мақсатында жүргізеді.
2. Оқу-тәрбие қызметі музыкалық және жалпы білім беру пәндері бойынша бекітілген Жұмыс оқу жоспарына сәйкес бағдарламаларды, «Рухани жаңғыру»

бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиелесудің концептуалдық негіздерін орындауды көздейді, музыкаға дарынды балаларды оқытудың өзгешіліктері мен ерекшелігі ескерумен ұйымдастырылған.

2. Интернат қызметінің негізгі міндеттері:

- Қазақстанның шалғай өңірлерінен Мектепке оқуға түскен музыкаға дарынды балалардың өмір сүруіне, оларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту үшін, сондай-ақ тұрмысы мен демалысы үшін қолайлы моральдық және материалдық жағдайлар жасау;
- музыкаға дарынды балалардың шығармашылық тұрғыдан дамуын, шығармашылық және әлеуетті қабілеттерінің ашылуын қамтамасыз ету;
- жоғары моральдық қасиеттерін, ортақ және рухани мәдениетін, адамгершілігін, азаматтылығын, патриотизмі мен өз Отанына – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілігін тәрбиелеу, қалыптастыру және дамыту;
- қажетті оқу құрал-жабдығымен, тұрмыстық және компьютерлік техникамен, музыка аспаптарымен, жиһазбен және т.б. қамтамасыз ету;
- Интернаттың тәрбиеленушісінің жеке басының Конституциялық құқықтарын қорғау, өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету.

3. ОҚУ-ТӘРБИЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Интернаттың оқу-тәрбие процессі мектептің оқу-тәрбие процессінің құрамдас бөлігі болып табылады және мектеп директоры оқу жылына бекіткен мектептің жалпы жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Оқу-тәрбие процессін Интернаттың тәрбиешілері лауазымдық нұсқаулықтарына және Ішкі тәртіптеме қағидаларына сәйкес жүзеге асырады. Тәрбиешілер жатақхана қағидаларын сақтауды, өз өзіне қызмет етуді ұйымдастыруды ескере отырып, тәрбиеленушілердің сабақтан тыс жұмысының түрлі нысандарын іске асырады, сондай-ақ интернат тәрбиеленушілерінің үлгеріміне және тәртібіне жауапты болады.

3. Интернат тәрбиеленушілері топтарының саны мен контингенті санитарлық нормалар мен бақылаушылық нормативтерді, сондай-ақ оқу-тәрбие процессін ұйымдастыру үшін жасалған жағдайларды, балалардың жас-психологиялық, гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиеленушілердің санына қарай штаттық кестемен белгіленеді.

4. Жеке бір топқа бекітілген тәрбиеші төмендегі функцияларды атқарады:

- Мектеп мұғалімдерімен бірлесе отырып, өз тобы тәрбиеленушілерінің барлық пәндер бойынша білім сапасын арттыруға қол жеткізеді, жеке сабақтарға қатысады, сабақтарға дайындалуды, өз бетінше дайындалуды (кіші жастағы тәрбиеленушілердің үй жұмыстарын орындауын), Интернат тәрбиеленушілерінің күн тәртібін орындауын ұйымдастырады;
- Интернат мүлкіне ұқыпты карауды тәрбиелейді;
- санитарлық-гигиеналық дағдылар мен мәдениетті мінез-құлық ережелерін бойына сіңіреді, балаларды өз өзіне қызмет етуге үйретеді;
- Мектеп психологімен бірге өз тобының әрбір тәрбиеленушісін жан-жақты зерделейді, оның икемдерін, тұлғасының жеке қасиеттерін, денсаулық жағдайын, мінез-құлқын, жолдастарына және ұжымға, педагогтер мен ата-аналарға деген қатынасын бақылайды;

- ата-аналармен тұрақты байланыста болады, тәрбиеленушінің өмірі туралы, оның үлгерімі мен мінез-құлқы туралы хабардар етеді;
- тәрбиеленушілердің сабақтан тыс жұмыстарын басқарады және мектептегі сыныптан тыс іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етеді;
- тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау үшін дербес жауапты;
- медициналық қызметкерлердің балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға байланысты талаптарын орындайды;
- жұмыс жоспарларын әзірлейді және оларды іске асыруды қамтамасыз етеді.

5. Оқу-тәрбие қызметіне және Интернаттың барлық қызметтерінің жұмысына бақылауды интернат меңгерушісі жүргізеді. Интернат меңгерушісі тәрбиеленушілердің білім сапасына, икемдері мен оқу дағдыларына дербес жауапты болады, тәрбиешілердің оқу-тәрбие жұмысын үйлестіреді, ас блогінің жұмысын ұйымдастырады, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды, еңбек қорғау мен өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

6. Интернаттың оқу-тәрбие қызметіне жалпы басшылықты директордың тәрбие жөніндегі орынбасары жүзеге асырады. Ол оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруға, тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсетуге жауапты, жұмыс жоспарына сәйкес іс-шараларды іске асыруға бақылау жүргізеді.

7. Интернат тәрбиеленушілерінің белсенді азаматтық ұстанымын, көшбасшылық қасиеттерін, шығармашылық дамуын, өз бетінше дамуы мен өзін-өзі көрсете білу қасиеттерін қалыптастыру мақсатында өз бетінше басқару органы – Интернат Кеңесі құрылады, оның құрамы тәрбиеленушілердің жалпы жиналысында сайланады. Интернат Кеңесінің құрылымы оқушылардың қызмет түрлеріне қарай белгіленеді. Төраға лауазымы сайланбалы болып табылады. Төраға мен оның орынбасары Кеңес мүшелері қатарынан сайланады. Тәрбиешілер қатарынан Интернат Кеңесінің қызметіне жетекшілік ететін және бағдар беретін жауаптылар тағайындалуы мүмкін.

4. ИНТЕРНАТ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Интернат тәрбиеленушілерінің белгіленген контингенті 110 адам.
2. Интернат тәрбиеленушілері қатарына тәрбиеленушілердің белгіленген контингенті шеңберінде босаған орынға I сыныпқа оқуға түскен қаладан тыс жерде тұратын оқушы ұлдар мен қыздар қабылданады.
3. Интернатта тұруға кезектілер кітабында тіркелген 1-12 сыныптардың қаладан тыс жерде тұратын оқушылары оқу жылы ішінде және/немесе соңында Интернаттан тәрбиеленушілердің кетуімен бос орындар пайда болуына қарай тәрбиеленушілер қатарына қабылданады.
4. Интернатқа балаларды қабылдау туралы өтініштер жыл сайын білім алушыларды I-ші сыныпқа, оқушыларды бос орындарға қабылдау кезеңінде, сондай-ақ оқушылар Алматы қаласынан тыс жерлерге көшкен жағдайда оқу жылының басында қабылданады.
5. Өтініштер Интернатқа тұруға өтініштер кітабында тіркеледі. Өтінішке міндетті түрде төмендегі құжаттар қоса беріледі:
 - оқушының жеке басын растайтын құжат (көшірме);
 - ата-аналарының жеке басын растайтын құжат (көшірме);

- оқушының интернатта тұруына қарсы көрсетімдері жоқ екені туралы медициналық қорытынды;
 - электрондық үкімет порталы арқылы міндетті алынған, оқушының (ата-анасының) тұрақты тұрғылықты жері Алматы қаласынан тыс тіркелгенін растайтын құжат;
6. Қабылдау туралы өтініштерді қарау және балаларды интернатқа қабылдау туралы мәселені шешу үшін «Мектеп жанындағы интернаттың мәселелері жөніндегі комиссия» құрылады, оның құрамына Мектеп директоры, директордың орынбасарлары, интернат меңгерушісі, мектеп дәрігері, мектептің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңесінің өкілдері және заңгер кіреді. Комиссия шешімдері хаттамамен ресімделеді және ұсыным сипатында болады.
7. Интернат тәрбиеленушілері қатарына қабылдау Алматы қаласынан тыс жерде тіркелгені қабылдау сәтінде қайта расталған кезде оқушының ата-аналарының (заңды өкілдерінің) жеке өтініші негізінде мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.
8. Қабылданған балаларды ризыққа қосу ағымдағы жылдың 31 тамызынан бастап жүргізіледі.
9. Мектеп-интернатта тұруға орын комиссияның шешімімен бірінші кезекте тұрғылықты жерін растайтын құжаттар негізінде шалғай облыстардан келген оқушыларға, сондай-ақ 1-сыныпқа қабылданған оқушыларға беріледі. Комиссия көп балалы және аз қамтылған отбасылардың кезекте тұрған және интернатқа тұруға мұқтаж музыкаға дарынды балаларына басымдық беруге құқылы.
10. Интернат тәрбиеленушілеріне белгіленген мерзімде тиісті атқарушы органдарда тұрғылықты мекенжайы бойынша уақытша тіркеу ресімделеді, міндетті түрде тұратын балаларды ескеп алу кітабы жүргізіледі.

5. ИНТЕРНАТ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ ҚАТАРЫНАН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

1. Мектеп жанындағы интернат тәрбиеленушілері қатарынан шығару тәртібі мектеп директорының бұрығы негізінде төмендегі жағдайларда жүргізіледі:
- оқу кезінде түрлі себептермен және/немесе оқудың толық курсы аяқтаумен Мектеп оқушылары қатарынан Интернат тәрбиеленушілері шығарылған кезде;
 - әкімшіліктің сұрауы бойынша оқушының Алматы қаласынан тыс жерде тіркелгені электрондық портал арқылы расталмаған кезде;
 - түрлі себептермен және отбасы жағдайы бойынша тәрбиеленушінің ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің өтініші бойынша;
 - Интернат қызметкерлері мен тәрбиеленушілердің актілерінде, шағымдарында, баяндау хаттарында, сондай-ақ бейне бақылау камераларында жазылған құқық бұзушылық жасағаны үшін, Осы Ережені және мектеп жанындағы интернаттың қызметіне қатысты басқа да қағидаларды бұзғаны үшін «Мектеп жанындағы интернаттың мәселелері жөніндегі комиссияның» шешімі бойынша.
2. құқық бұзушылық жасағаны үшін, Осы Ережені және мектеп жанындағы интернаттың қызметіне қатысты басқа да қағидаларды бұзғаны үшін шығарылған білім алушыларды Интернат тәрбиеленушілері қатарына қайтару

мәселелері міндетті түрде «Мектеп жанындағы интернаттың мәселелері жөніндегі комиссияның» отырыстарында қаралады. Комиссия қайта қабылдаудан бас тарту/қанағаттандыру құқығын өзіне қалдырады, комиссияның дәлелді шешімі хаттамамен ресімделіп, мектеп әкімшілігіне беріледі.

6. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР ТӘРТІБІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖІНЕ КҮН ТӘРТІБІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Интернат тәрбиеленушілер тәртібінің қағидалары балалардың жас ерекшеліктерін, санитарлық-гигиеналық талаптарды, оқу-тәрбие процессін және оқушылардың басқа да қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды ескере отырып әзірленеді.
2. Тәрбиеленушілердің қызметкерлермен өзара қатынасы адамның қадыр-қасиетін құрметтеу негізінде құрылады. Балаларға қатысты физикалық және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдану жол берілмейді.
3. Интернаттың қауіпсіздік қызметкерлері Интернат пен Мектептің әкімшіліктерін міндетті түрде хабар ете отырып, төтенше жағдайларда мектеп жанындағы интернатқа кіруге немесе шығуға шектеу қоюға құқығы бар.
4. Мектеп жанындағы интернаттың тұрғындарына мынадай тыйымдар салынады:
 - әкімшілікке, мектеп жанындағы интернаттың қызметкерлеріне құрметсіз қатынас білдіруге;
 - өз бетінше бір бөлмеден екінші бөлмеге мүлікті тасуға;
 - арнайы бөлінген орындарды қоспағанда, тұрғын бөлменің қабырғасына және жалпы пайдаланылатын жерлерге хабарландыру, сабақ кестесін және т.б. ілуге;
 - бөлінген бөлмені басқа тұрғындарға пайдалануға кедергі келтіретін ірі көлемді заттарды бөлмеде сақтауға;
 - қару, спирттік сусындарды, темекі өнімдеін, ұлағыш және есірткі заттарын әкелуге, таратуға, сақтауға немесе пайдалануға; жарылыс пен өрттің пайда болуына себеп болатын кез келген заттарды пайдалануға;
 - қарым-қатынасты ашып анықтау үшін физикалық күш пайдалануға, қорқытуға және бопсалауға; айналадағы адамдар үшін қауіпті салдарды туындататын кез келген әрекеттерге баруға.
5. Тәртіп орнату, үй-жайларды пайдалану қағидаларын тәрбиеленушілерге сіңіру және оқу құрал-жабдығының, жиһаздың, музыка аспаптарының, тұрмыстық техниканың, теледидарлар мен басқа аппаратураның сақталуы үшін жауапкершілік топ тәрбиешісіне жүктеледі.
6. Интернат тәрбиеленушілері өз киімін, аяқ киімін таза ұстауға, тұрғын бөлмелерде тазалық пен реттілік сақтауға, күн сайын өз бетінше жинап-тазалауға, интернат аумағында реттілік пен тәртіп сақтауға, мүлікті күтіп қарауға міндетті.
7. Мектеп жанындағы интернаттың әрбір бөлмесінде староста сайланады. Бөлме старостасы сонда тұратындардың бөлмедегі мүлікті, оқу құралдарын, музыка аспаптарын ұқыпты күтіп ұстағанын, сондай-ақ бөлмеде тазалық пен реттілік сақталғанын бақылайды. Бөлме старостасы өз жұмысында Интернат

әкімшілігінің шешімдерін, сондай-ақ Оқушылар кеңесінің ұсынымдарын басшылыққа алады.

8. Интернатта балалардың тұрғын және оқу бөлмелеріндегі, асханадағы кезекшілік кестесі әзірленеді. Кезекші тәрбиешімен (тәрбиешінің көмекшісімен) бірге тәрбиеленушілердің өз өзіне қызмет ету жұмыстарын орындауын, белгіленген күн тәртібі сақталғанын қадағалайды.

9. Тәрбиеленушілерді олардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті жұмыстарға (терезе жуу, шатыр тазарту және т.б.) тыйым салынады.

10. Интернат тәрбиеленушілері жалпы пайдаланылатын жерлерде орнатылған сантехникалық жабдықтарды қолдану қағидаларын ұстануы, олардың сынуына немесе ластануына жол бермеуі тиіс.

11. Өрт шығу қауіпі бар жағдайды туындатуы ықтимал электр аспаптарын, компьютерлік техниканы немесе теле-аудио аппаратураны пайдалануға қатаң тыйым салынады.

12. Түнгі ұйқы кезінде ұялы телефондарды пайдалануға тыйым салынады.

13. Интернатта тәрбиеленушілерге көтермелеу шаралары, сондай-ақ төмендегі тәртітік шаралар қолданылады:

1) ескерту (мінез-құлық және жүріп-тұру қағидаларын елеусіз бұзғаны үшін);

2) сөгіс немесе қатаң сөгіс (мінез-құлық және жүріп-тұру қағидаларын өрескел бұзғаны үшін);

3) мектеп жанындағы интернаттан шығару (тіркелген құқық бұзушылықтар және мінез-құлық және жүріп-тұру қағидаларын едәуір өрескел бұзғаны үшін);

4) Мектеп-интернаттан шығару тіркелген құқық бұзушылықтар және мінез-құлық және жүріп-тұру қағидаларын едәуір өрескел бұзғаны үшін).

14. Мектеп жанындағы интернатта тұратындар мінез-құлық қағидаларын бұзған жағдайда мектеп жанындағы интернаттың меңгерушісі профилактикалық әңгімелер өткізу және қажет болғанда тәртіптік әсер ету шараларын қабылдау үшін директордың тәрбие жөніндегі орынбасарына қызметтік хат жазады.

15. Интернат тұрғындары бұзушылықтарды қайталаған жағдайда директордың тәрбие жөніндегі орынбасары «Мектеп жанындағы интернаттың мәселелері жөніндегі комиссияның» отырыстарында мәселені қарауға ұсыныс енгізеді.

16. Интернат Мектеп директорының бекітуімен тәрбиеленушілер өмірінің гигиеналық негізделген режимін ұйымдастырады, оған сабаққа дайындық, өз бетінше дайындық, кәсіби дағдыларды меңгеру, еңбек және демалыс, дұрыс тамақтану, салауатты өмір салтын қалыптастыру және функционалдық сауаттылық кіреді.

17. Күн тәртібі бір оқу жылына бекітілуі немесе Интернат тәрбиеленушілердің оқу сабақтары ауысуына қарай, сондай-ақ туындайтын өндірістік мән-жайлар мен жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін.

7. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ



1. Интернат тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді Мектеп-интернаттың ғимаратында орналасқан медициналық пунктте тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрігер мен басқа да медицина қызметкерлері лауазымдық нұсқаулықтарына және Мектептің медициналық қызмет көрсету туралы ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

2. Медицина қызметкерлері оқу-тәрбие процессін және Интернатта балалардың болуына қауіпсіз жағдайларды ұйымдастыруға, шектеу және карантин енгізу кезеңін қоса алғанда санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға қатысады;
3. Интернаттың ауырып қалған тәрбиеленушілерін дені сау балалардан уақытша шеттету, ата-аналары немесе заңды өкілдері, шұғыл жағдайларда жедел медициналық жәрдем дәрігерлері келгенше оларға дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетуге арналған оқшаулағыш көзделген.
4. ЖРВИ-дің маусымдық жеңіл формалары анықталған жағдайларда баланың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне міндетті хабарлана отырып, мектеп жанындағы интернаттың балалары мектеп дәрігерінің бақылауымен оқшаулағышқа орналастырылуы мүмкін.
5. Медицина қызметкерлері мектеп жанындағы интернат тәрбиеленушілерінің денсаулықтарын сақтау және нығайту, олардың арасында сырқаттанушылықты азайту, профилактикалық екіне жасауды, профилактикалық тексерулерді ұйымдастыру және тіркелген МСАК ұйымы бойынша уақытында диспансеризациялауды бақылау, мектеп-интернаттың санитарлық-гигиеналық жағдайын, балалардың мектеп жанындағы интернатта тәулік бойы болуын ескере отырып, тамақтандыру мен жұмыс тәртібін бақылау бойынша шараларды жыл сайын жоспарлап қамтамасыз етеді.
6. Интернатта Қазақстан Республикасының Денсаулық Министрі бекіткен «Білім алушылардың тамақтану нормаларына» сәйкес тиімді және қауіпсіз тамақтануды қамтамасыз етеледі.
7. Тамақтанудың сапасына медициналық бақылау жүргізеді, тамақтану режимі, оның ішінде диеталық режим сақталуына, сапалы азық-түлік қабылдауға және олардың дұрыс сақталуына бақылау жүргізіледі; тамақтану ұланудың алдын алу, Интернаттың асханасында дайын тамақтың сапасын тексеріледі және т.б..
8. Медицина қызметкерлері Интернат тәрбиешілерімен бірлесіп, жазатайым оқиғаларды және жарақаттануды болдырмау мақсатында белгілі жағдайлардағы мінез-құлық көрсету бойынша тақырыптық әңгімелесулер және нұсқамалар жүргізуді ұйымдастырады, салауатты өмір салтын насихаттау саласында сауаттылықты және ақпараттандыруды арттыру бойынша іс-шаралар жүргізеді, дұрыс тамақтану мәселелері бойынша консультациялар береді.
9. Жұқпалы, саңырауқұлақ және паразиттік аурулардың алдын алу мақсатында медицина қызметкерлері белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес интернатқа тұрғылықты жерінен демалыстан келгенде, ауруына байланысты сауығып келгенде, сондай-ақ жексенбі және мереке күндерінен оралған кезде балаларды эпидемиологиялық орта туралы анықтамалар негізінде қабылдауды және тексеруді (сүзгілеуді) жүзеге асырады.

8. АТА-АНАЛАРМЕН ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРМЕН ЖҰМЫС

1. Интернатта тұратын оқушылардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері педагогтер ұжымының жұмысына жәрдемдесуі және осы Ереже талаптарының орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.
2. Интернатта тәрбиешілер ұжымы мен ата-аналардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін орындау мақсатында ата-аналардың жалпы жиналысында сайланатын ата-аналар комитеті құрылады.

3. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 «Интернаттық ұйымдардың қызметінің үлгілік ережесін бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 60, 2019 жылғы 17 мамырдағы № 216 бұйрығымен өзгерістер енгізілген.
5. «Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2018 жылғы 27 наурыздағы № 126 бұйрығы;
6. «Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 бұйрығы;
7. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ Жарғысы.

Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні
Әзірлеген: Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары		Ахметова С.Н. Соколова А.А.	15.04.25
Келісілген:			
Интернат меңгерушісі		Омирзакова А.М.	15.04.25
Мектеп дәрігері		Бекмурзаева З.Т.	15.04.25
Өкімшіліктің сапа менеджменті жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	15.04.25
«Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрайымы		Кошкарбасова А.Р.	15.04.25
Мектеп заңгері		Болсамбеков Н.А.	15.04.25

ӨЗГЕРІСТЕР ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу №	Тіркелген күні	Енгізілген өзгерістер	Қолы
1	2	3	4
1	15.04.2025	4 тарау 9-тармақ келесі редакцияда қайта өңделді: Мектеп-интернатта тұруға орын комиссияның шешімімен бірінші кезекте тұрғылықты жерін растайтын құжаттар негізінде шалғай облыстардан келген оқушыларға, сондай-ақ 1-сыныпқа қабылданған оқушыларға беріледі. Комиссия көп балалы және аз қамтылған отбасылардың кезекте тұрған және интернатқа тұруға мұқтаж музыкаға дарынды балаларына басымдық беруге құқылы.	
2	15.04.2025	7 тарау 9-тармақпен толықтырылды: Жұқпалы, саңырауқұлақ және паразиттік аурулардың алдын алу мақсатында медицина қызметкерлері белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес интернатқа тұрғылықты жерінен демалыстан келгенде, ауруына байланысты сауығып келгенде, сондай-ақ жексенбі және мереке күндерінен оралған кезде балаларды эпидемиологиялық орта туралы анықтамалар негізінде қабылдауды және тексеруді (сүзгілеуді) жүзеге асырады.	
3	15.04.2025	8 тарау 6-тармағы келесі мәтінмен толықтырылды: Балаларды интернатқа қайтару да ата-анасының немесе заңды өкілдерінің сүйемелдеуімен сабақтары басталар алдындағы демалыс күндері сағат 19.00-ден кешіктірілмей келгені туралы тіркеу журналында міндетті белгімен жүзеге асырылады, ол мектеп-интернат тәрбиеленушілерінің күнделікті тамақтануы мен азық-түлік өнімдерін есептеу үшін қажетті шара.	
4	15.04.2025	8 тарау 12-тармақпен толықтырылды: Көрсетілген талаптарды орындамау ішкі тәртіп ережелері мен мектеп-интернат режимін өрескел бұзу болып табылады және мектеп-интернат мәселелері жөніндегі комиссияда каралып, оқушыны интернат тәрбиеленушілері қатарынан шығаруға негіз болуы мүмкін.	

